

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

**Кітапханашы- мәртебелі мамандық.**ЖАРИЯЛАНДЫ  
03.12.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/86379/>

Кітапханашы- мәртебелі мамандық.

Кітапхана- мәңгілік парасаттың ең киелі ғимараты.

Әбіш Кекілбаев

Кітапхана — дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуені сүріндірмей әкеле жатқан биік, парасаттылық пен біліктіліктің киелі ордасы. Кітапхана — оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтың жауабын табуға болатын сиқырлы орда.

Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес. Дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт — бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан — теңіз. Солардың бірі -Малаева Гүлдана Сәрсенғалиқызы. Ол бала кезінен кітап оқуға құмартып, ауыл кітапханасына күнімен отыруға дайын. Сол кезден бастап арманы кітапханада, кітапханашы болып қызмет ету еді. Өмірдің жетегіне еріп түрлі салада жұмыс істесе де, сол баяғы бала арманы орындалып. Маңғыстау гуманитарлық колледжінде «Кітапхана ісі мамандығы» бойынша оқып, Абай атындағы орта мектепте кітапханашы болып жұмысқа орналасты. Ұстазындай болған зейнеткер кітапханашылар: Шолпан Нұрмағанбетова, Жеміс Назарханова апайлардың үйреткен сара жолымен жүріп, әр күні жұмысқа бар ынта жігерімен асыға келеді. Гүлдана Сәрсенғалиқызы кітапханаға келген әрбір оқырманға жылы қабақпен, жақсы көңіл күй сыйлайтын жан десем артық емес.

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан ахуалға қарамастан мектеп оқушылары мен мектеп қызметкерлерін оқулықпен қамтамасыз ете отырып, оқырман сұранысы бойынша түрлі көркем әдебиеттер, оқулықтар керек мәліметтердің бәрін дер кезінде тауып беріп отырады. Техниканың дамыған заманында кітапқа деген қызығушылық жастар арасында төмендеп кетті. Сол үшін жастарымызды телефонға тәуелді етпей, түрлі әдеби кітаптарды оқуға шақырады. Жиырма жылға жуық қызмет еткен жылдарында мектеп ұстаздарымен етене араласып, сынып оқушыларын түрлі шараларға қатыстырып облыстық, аудандық және алғыс хаттармен бірге

дипломдармен марапатталып жүр. Эстетикалық талғамы бай, қиялы жүйрік, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған, оқырмандарына қажетті ақпаратпен сусындатып отырған осындай кітапханашының орны бір бөлек. Сан түрлі мамандық бар, бірақ, осы кітапханашының жұмысы қызықты да, тартымдылығымен ерекше. Кітапханашының жұмысы жаңалыққа құмардан басталады. Күн сайын келетін газет, журналдар, жаңа кітаптар және де, күн сайын келетін оқырмандар мен оқытушылар легі толастамайды. Мен осы кітапханашы туралы сөзімді Жүсіпбек Аймауытовтың сөзімен аяқтағым келеді. «Мамандықтың бәрі жаманы жоқ, бірақ мұны кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» -дейді. Кітапханашының еңбегі қоғам мен мемлекеттің дамып, өркендеуіне үлес қосатын өте қажетті мамандық.

«Абай атындағы орта мектебі» КММ

Сембигалиева Жанылсын Мубиновна

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.